24081847437

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2026 жылғы 23 маусым Іс 2713-26-00-2/894 іс Орал каласы

Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья У.Е.Хайруллина
хатшылықта Алимбаев Б.
ашық сот отырысында талап қою бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП КОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ЕсФат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2) тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСУШЫЛАР:
прокурор С.Кадралиев
талап қоюшының өкілі Е.Б.Тлеубердиев
жауапкердің өкілі А.Жұмағалиұлы

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2025 жылғы 8 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – талап қоюшы, Тапсырыс беруші) мен «ЕсФат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – жауапкер, Өнім беруші) арасында №170340001339/250745/00 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі –№1 шарт) жасалған.

–№1 шарттың талаптарына сәйкес жауапкер шарт күшіне енген күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде жалпы құны 863 247 теңге болатын 259 орама төсек жаймасын жеткізуге, ал талап қоюшы тауарды қабылдауға және ақы төлеуге міндеттенген.

2025 жылғы 9 желтоқсанда тараптар арасында №170340001339/250741/00 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі –№2 шарт) жасалған.

№2 шарт бойынша жауапкер шарт күшіне енген күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде 328 400 теңгеге 3 дана тутұғыр тауарын жеткізуді, ал Тапсырыс беруші тауарды қабылдауға және ақы төлеуге міндеттенген.

Аталған шарттар қазынашылық органдарында 2025 жылға 9 желтоқсанда тіркелген. Осыған байланысты №1 шарт бойынша тауарды жеткізудің соңғы мерзімі 2025 жылғы 25 желтоқсанды қоса алғандағы күн, ал №2 шарт бойынша 2025 жылғы 29 желтоқсан болып белгіленген.

Талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және 1 045 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен жүгінген, талап клюда жауапкердің шарттарда көзделген міндеттемелерді орындамағаныны көрсетілген.

Жауапкерден талап қоюға жазбаша қарсы пікір сотқа ұсынылмаған.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілі талап қоюды ішінара қанағаттандыруды сұрады, мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану бөлігінде қанағаттандырудан бас тартуын сұрады. Шарттардың орындалмауына объективті себептер әсер еткенін көрсетті, атап айтқанда, жыл соңында тапсырыстар көлемінің едәуір артуына байланысты тауарлар 2025 жылғы 23 желтоқсанда «Казпошта» арқылы талап қоюшының мекенжайына жөнелтілген, алайда жаңа жылдық мерекелер мен демалыс күндеріне байланысты жөнелтілген тауарлар 2026 жылғы 3 қаңтардан бастап алуға дайын болған, алайда талап қоюшы оларды қабылдап алмаған, соның салдарынан пошта жөнелтілімі белгіленген сақтау мерзімі өткеннен кейін 2026 жылғы 18 қаңтарда жауапкерге кері қайтарылғаны түсіндірілді.

Прокурор талап қою қанағаттандыруға жатады деген қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабына (бұдан әрі-АК) сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

АК-нің 458-бабына сәйкес, тауар жеткізілімінің шарты бойынша кәсіпкер болып табылатын сатушы (тауар беруші) сатып алушыға өзі өндіретін немесе сатып алатын тауарларды кәсіпкерлік қызметке немесе жеке өзіне, отбасына, үй ішіне және сол сияқты өзге де пайдалануға байланысты

Құжатқа қол қойылған: Хайруллина У. Е., 23.06.2026

Заңды күшіне енген күні: 24.07.2026, судья Хайруллина У. Е., 27.07.2026

2713-26-3-1/1049

емес өзге мақсаттарға пайдалану үшін келісілген мерзімде немесе мерзімдерде беруге міндеттенеді.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі-Заң) 8-бабының 4-бөлігінің 3)-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Шарттардың 3.1-тармағына сәйкес, жауапкер өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Сотта, шарттар орындалмағаны, сол себептен жауапкер тарапынан шарт талаптары бұзылғаны анықталды.

Жауапкер сот отырысында тауарлардың 2025 жылғы 23 желтоқсанда пошта байланысы арқылы жонелтілгенін корсеткенімен, бұл мән-жай шарттық міндеттеменің тиісінше орындалғанын растамайды. Себебі мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың талаптарына сәйкес Өнім беруші тауарды шартта белгіленген мерзімде және тәртіппен Тапсырыс берушіге жеткізуге міндетті. Тауардың пошта арқылы жіберілгені туралы мәліметтер тауардың шарт талаптарына сәйкес қабылданғанын және міндеттеменің орындалғанын дәлелдемейді.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Сот жауапкердің шарттық міндеттемелерді орындалмауы салдарынан талап қоюшы мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды жасасу кезінде күткен нәтижеге қол жеткізе алмағанын, яғни шарт жасасу барысында үміт артуға құқылы болған игіліктерден едәуір дәрежеде айырылғанын ескереді.

Шарттардың 8.1-тармағына сәйкес олардың қолданылу мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін белгіленген. Талап қоюшы сотқа 2026 жылғы 12 қаңтарда жүгінген, яғни Заңның 8-бабы 4-бөлігі 3)-тармақшасында көзделген отыз күндік мерзім сақталған.

Осы мән – жайларды, сондай-ақ ұсынылған дәлелдемелердің жиынтығын бағалай отырып, сот жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап заңды, негізді және қанағаттандыруға жатады деген қорытындыға келеді.

№2 талап қою бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл, өсімақы) айыбы, борышкердің міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда несие берушіге заңмен немесе келісім-шартпен анықталған ақша сомасын төлеуге міндетті.

Құжатқа қол қойылған: Хайруллина У. Е., 23.06.2026
Заңды күшіне енген күні: 24.07.2026, судья Хайруллина У. Е., 27.07.2026
2713-26-3-1/1049

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес, өнім беруші өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуі қажет деп көрсетілген.

Іс материалдарымен жауапкердің шарттар бойынша міндеттемелерін орындамағаны анықталғандықтан, талап қоюшының тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талабы шарт талаптарына және қолданыстағы заңнамаға сәйкес келеді.

Талап қоюшының ұсынған тұрақсыздық айыбының есебі сотпен тексерілді және оның шарт талаптарына сәйкес жасалғаны анықталды, жауапкермен дауланбады. Тұрақсыздық айыбының мөлшері 1 045 теңгені құрайды.

Сондықтан, міндеттемені бұзған жауапкерден мемлекет пайдасына 1 045 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына 2194 теңге мемлекеттік баж өндіріліп алынады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі» мемлекеттік мекемесінің «ЕсФат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«ЕсФат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«ЕсФат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 045 (бір мың қырық бес) теңге тұрақсыздық айыбы және 2 194 (екі мың бір жүз тоқсан төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Сот шешіміне апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты осы сот шешімі түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап, ал сот отырысына қатыспаған тұлғалар, оларға сот шешімінің көшірмесі жолданған күннен бастап бір айдың ішінде Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына берілуі мүмкін.

Судья **У.Е.Хайруллина**

Құжатқа қол қойылған: Хайруллина У. Е., 23.06.2026
Заңды күшіне енген күні: 24.07.2026, судья Хайруллина У. Е., 27.07.2026
2713-26-3-1/1049